



БҰЙРЫҚ

20.03 2024 № 51

Орал қ.

ПРИКАЗ

№

г. Уральск

**Облыстық «Batys TeachNET»
жобасын енгізу туралы**

Шағын жинақты мектептерде білім сапасын арттыруға жағдай жасау, ШЖМ педагогтерінің шығармашылық әлеуетін дамыту, нәтижеге бағытталған әдістемелік жұмыстарды тиімді жүргізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Облыстық «Batys TeachNET» жобасы енгізілсін.
2. Жобалардың Ережесі, жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Білім беруді дамыту орталығының мониторинг, талдау және ұйымдастыру бөлімінің басшысына (А.Бексултанова):
 - ережеге сәйкес жұмыстардың орындалуына жағдай жасасын;
 - жоба жұмысын үйлестіру жүктелсін.
4. Аудандық бөлім беру басшыларына:
 - 1) жоба жұмысына 4 ауданның мектептері бекітілсін:
Бәйтерек ауданы – Махамбет ЖОББМ және Қ.Ахмиров ат.ЖОББМ ;
Сырым ауданы – Жырақұдық ОМ және Жамбыл НОМ;
Теректі ауданы – Покатиловка ЖОББМ және Приречный ЖОББМ;
Шыңғырлау ауданы – А.Тихоненко ат.ЖОББМ және Сегізсай НОМ.
 - 2) мектептердің уақытында жоба жұмыстарына қатысуын қамтамасыз етсін;
5. Білім беруді дамыту орталығы директорының орынбасары (С.Алимбаева) жоба шеңберінде жүргізілетін шаралар мен жұмыстардың уақытылы орындалуын қадағаласын.

Директор

Г.Кубашева

**Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының
Білім беруді дамыту орталығы**

«БЕКІТЕМІН»

ББДО директоры

Г. Кубашева
« 20 » наурыз 2024 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

ББДО директорының орынбасары

С. Алимбаева
« 20 » наурыз 2024 ж.

«Batys TeachNET» ЖОБАСЫ

ОРАЛ - 2024

«Batys TeachNET» ЖОБАСЫ

I. Жобаның паспорты

Жобаның атауы	«Batys TeachNET» жобасы
Жобаның мақсаты	ШЖМ-тегі мұғалімдердің кәсіби қарым-қатынасы мен ынтымақтастығы саласын кеңейту; ШЖМ педагогтерінің шығармашылық әлеуетін дамыту; өзара іс-тәжірибе алмасу алаңын құру; шағын жинақты мектептерде білім сапасын арттыру.
Негізгі міндеттері	Білім саласындағы заманауи және озық тәжірибелермен бөлісу, оқытуда инновациялық әдістерді пайдалану; сапалы білімге қол жеткізу үшін білім берудегі олқылықтарды, кемшіліктерді жою бағытында жұмыстану; ШЖМ мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету.
Жобаның жүзеге асыру уақыты	Оқытудың 1-ші кезеңі – сәуір, 2024-2026 ж. ж. (2 күн, 8 мектеп); оқытудың 2-ші кезеңі – қараша, 2024-2026 ж. ж. (2 күн, 8 мектеп); жобаның қорытындысы – желтоқсан, 2024-2026 ж. ж. (Әдістемелік алаң).
Мақсатты индикаторлары	ШЖМ мұғалімдері сабақты дайындау және өткізу кезінде білім беру ресурстары мен инновациялық әдістерді пайдаланады; оқушылар ресурстар мен электрондық оқулықтарды пайдалана алады; ШЖМ-де оқушылардың білім сапасы 4-5% - ға артады.
Күтілетін нәтижелер	ШЖМ-тегі мұғалімдердің кәсіби қарым-қатынасы мен ынтымақтастығы саласы кеңейеді; ШЖМ педагогтерінің шығармашылық әлеуеті дамиды; өзара іс-тәжірибе алмасу алаңын құрады, инновациялық әдістерді пайдаланады; ШЖМ оқушыларының білім сапасы артады.
Жобаға қатысушылар	Ауданнан бекітілген мектептер және ШЖМ пән мұғалімдері, облыстағы практик-мұғалімдер мен новаторлар

II. Жалпы ережесі:

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысына сәйкес білім сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары болып табылатын білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету, оқушылардың тез өзгертін әлемде табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, сапалы білім беруге қолжеткізу.

Жоба педагогтің кәсіби өсуі үшін психологиялық қолайлы жағдай жасауды көздейді: педагогке әр түрлі мәселелерді шешуде жан-жақты (педагогикалық, әдістемелік) көмек көрсету; педагогті ынтымақтастық және педагогикалық шығармашылық негізінде жобаны іске асыру үшін тарту; біріншіден, кәсіби құзыреттілік деңгейін ескере отырып, кәсіби өсу жағдайларын қамтамасыз ету, екіншіден, педагогтің өзінің сұраныстары, мүдделері мен қажеттіліктері.

Жоба педагог қызметінің күшті жақтарын өзектендіруге, ШЖМ мұғалімінің кәсіби қызметінде туындайтын проблемалық жағдайларды жоюға ықпал етуі мүмкін.

Жобаның мақсаты:

ШЖМ-тегі мұғалімдердің кәсіби қарым-қатынасы мен ынтымақтастығы саласын кеңейту;

ШЖМ педагогтерінің шығармашылық әлеуетін дамыту;

өзара іс-тәжірибе алмасу алаңын құру;

шағын жинақты мектептерде білім сапасын арттыру.

Негізгі міндеттері:

Білім саласындағы заманауи және озық тәжірибелермен бөлісу, оқытуда инновациялық әдістерді пайдалану;

сапалы білімге қол жеткізу үшін білім берудегі олқылықтарды,

кемшіліктерді жою бағытында жұмыстану;

ШЖМ мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету.

Күтілетін нәтижелер:

ШЖМ-тегі мұғалімдердің кәсіби қарым-қатынасы мен ынтымақтастығы саласы кеңейеді;

ШЖМ педагогтерінің шығармашылық әлеуеті дамиды;

өзара іс-тәжірибе алмасу алаңын құрады, инновациялық әдістерді пайдаланады;

ШЖМ оқушыларының білім сапасы артады.

Жобаның мазмұны, бағыттары және ұйымдастыруы:

1. Жоба Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының Білім беруді дамыту орталығының қолдауы арқылы жүзеге асырылады.

2. Білім беруді дамыту орталығы Жобаны үйлестіруші-ұйымдастырушы болып табылады және төмендегідей мәселелерді шешеді:

✓ жобаның жұмыс тобын қалыптастырады;

✓ жоба жұмысының тиімділігін және білім беру ұйымдарының, мектеп ұжымының жобадағы жұмысқа дайындығын зерттейді, талдайды;

✓ проблемалық аймақтарды анықтау үшін педагогтерге сауалнама жүргізеді;

✓ іс-шаралар мен сабақтарды ұйымдастыру мәселелері бойынша педагогтермен консультациялар өткізеді.

3. Жоба жұмысына педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы қатыса алады.

4. Жоба «пәнге ену» (мектепте барлық сыныптарда барлық пәндер бойынша сабақтар өткізу), кеңес беру тақырыбы бойынша көшпелі мектеп түрінде жұмыс жүргізеді.

5. Жобаны іске асыру тетігі:

оқытудың 1-ші кезеңі – сәуір, 2024-2026 ж.ж. (2 күн 8 мектеп);

оқытудың 2-ші кезеңі – қараша, 2024-2026 ж.ж. (2 күн 8 мектеп);

жобаның қорытындысы – желтоқсан, 2024-2026 ж.ж. (Дискуссиялық алаң).

6. Жоба 2 күннен екі мезгіл (сәуір, қараша) жұмыс жасайды. Жобаның облыстық кезеңіне 8 мектеп қатысады:

Бәйтерек ауданы – Махамбет ЖОББМ және Қ.Ахмиров ат.ЖОББМ ;

Сырым ауданы – Жырақұдық ОМ және Жамбыл НОМ;

Теректі ауданы – Покатиловка ЖОББМ және Приречный ЖОББМ;

Шыңғырлау ауданы – А.Тихоненко ат.ЖОББМ және Сегізсай НОМ.

«Batys TeachNET» жобасы құжаттарының мазмұны:

- ✓ «Batys TeachNET» жобасын енгізу туралы білім беруді дамыту орталығының бұйрығы;
- ✓ жылдық жұмыс жоспары;
- ✓ педагогикалық десанттың материалдары (ҚМЖ, ОМЖ);
- ✓ оқушылардың білім деңгейін талдау;
- ✓ педагогтерге сауалнамалар.

Жоба жұмысының нәтижесі

Жоба жұмысы аяқталғаннан кейін ШЖМ-тегі мұғалімдердің кәсіби қарым-қатынасы мен ынтымақтастығы саласы кеңейеді, ШЖМ педагогтерінің шығармашылық әлеуеті дамиды, өзара іс-тәжірибе алмасу алаңын құрады, оқытуда инновациялық әдістерді пайдаланады, ШЖМ оқушыларының білім сапасы артады.

III. «Batys TeachNET» жобасының жұмыс жоспары

Өткізу орны:

Бәйтерек ауданы – Махамбет ЖОББМ және Қ.Ахмиров ат.ЖОББМ ;

Сырым ауданы – Жырақұдық ОМ және Жамбыл НОМ;

Теректі ауданы – Покатиловка ЖОББМ және Приречный ЖОББМ;

Шыңғырлау ауданы – А.Тихоненко ат.ЖОББМ және Сегізсай НОМ.

Кезеңнің атауы	Кезеңнің мазмұны	Мерзімі
1. Дайындық кезеңі		
Ұйымдастыру кезеңі	Жобаның жұмыс тобын қалыптастыру	қаңтар, 2024 ж.
	Білім беру ұйымдарының, мектеп ұжымдарының жобадағы жұмысқа дайындығын талдау, жүргізу	ақпан, 2024 ж.
	Жобаға қатысатын аудандар мен мектептерді белгілеу, кестесін нақтылау	ақпан, 2024 ж.
	Жобаның жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту	наурыз, 2024 ж.
	Сабақтар мен іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері бойынша вебинар ұйымдастыру	наурыз, 2024-2026 ж.ж.
	Педагогтерге сауалнама жүргізу	наурыз, 2024-2026 ж.ж.
	Оқушылардың 0-дік білім деңгейін өткізу	наурыз, 2024-2026 ж.ж.
	Жобаға мектептерден қатысатын педагогтерді бекіту	наурыз, 2024-2026 ж.ж.
	Сабақ кестесін, іс-шаралар жоспарын жасақтау	наурыз, 2024-2026 ж.ж.
2. Негізгі кезеңі		
Білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша әдістемелік колдау көрсету	Мектепте белгіленген сыныптар мен пәндер бойынша сабақтар өткізу (сабақ кестесі бойынша)	сәуір, 2024-2026 ж.ж. қараша, 2024-2026 ж.ж.
	«Kundelik.kz» электронды журналын жүргізу бойынша кеңестер өткізу	сәуір, 2024-2026 ж.ж.
	«Сабақта білім беру ресурстарының тиімділігі мен мүмкіндіктері»	сәуір, 2024-2026 ж.ж.

	тақырыбында шеберлік-сыныбын өткізу	
	«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мектептен тыс шара ұйымдастыру	сәуір, 2024-2026 ж.ж. қараша, 2024-2026 ж.ж.
	«Пәндерді оқытудың инновациялық әдістері» (Әдістемелік алаң)	қараша, 2024-2026 ж.ж.
3. Қорытынды кезеңі		
Жобаның тиімділігін бағалау	Мектеп әкімшілігіне, мұғалімдерге, оқушылар мен олардың ата-аналарына сауалнама жүргізу	желтоқсан, 2024-2026 ж.ж.
	Пікірталас алаңы	желтоқсан, 2024-2026 ж.ж.